ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, баспа ісінің магистрі
АЯКУЗ КОЖАМУРЗАЕВНА АБДРАЗАХОВА

СӨЗ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІ, ОҒАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тіл тазалығына, сөйлеу шеберлігіне қазақ халқы ерекше мән берген. Ғылым-білім дегендерден алыс жүрген замандардың өзінде де тіл өнерін - өнердің өнері, «Өнер алды - қызыл тіл» деп бағалаған. Асылы, жақсы сөзді жанына азық ете білген, атқан оққа тоқталмаса да жүйелі сөзге бас иген, орнын тапқан екі ауыз сөзді ер құнымен теңестірген бір халық болса, ол қазақ халқы.



... Ел бастау қиын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қиын емес –
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан
Қиынды көргенім жоқ... (*Бұқар жырау)*

«Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білген жөн. Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі - сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың, өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсең тіл соны айтады. Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да жаман көрінеді. Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді.Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы.
...Сөз бір шарап сияқты, одан басың ауруы да, жазылуы да мүмкін депті білімдарлар. Біреу сенен бір нәрсені сұрамаса, жауап бермегейсің, ал сұрай қалса, турасын айт. Босқа кететін жел сөзден сақтан», - деген даналық сөзі бізге өнеге ретінде сөздің адам өміріндегі құдіретін паш еткендей («Кабуснаме» атты ғылыми-әдеби шығармасынан XIғ).

«Сөз мәдениеті»

- «сөйлеу мәдениеті», «тіл мәдениеті» деп түсіну керек. Сөз - тілдің қолданыстағы көрінісі болса, «тіл мәдениеті» тілдің жеке элементтерін, тұлға-тәсілдерін, оның тәжірибе елегінен өтіп қалыптасқан, қоғам тарапынан қабылданған заңдылықтарына сәйкес дұрыс пайдалану туралы білім саласы. «Сөз мәдениеті» - тілдің фонетиканың нормаларын бұлжытпай сақтау ғана емес, айтайын деген ойымызды тыңдаушыға жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келген», әсерлі ұғымды дәл жеткізу жайын қамтиды.



Жаңадан «тіл мәдениеті», «сөйлеу мәдениеті» деген күрделі ұғым-түсініктер пайда болды, кейін оның арнасы кеңейіп, өзіндік бір мақсаты бар жеке ғылымға айналды. «Сөз мәдениеті» дегеніміз мағыналық өрісі кең дүние. Тіл жеке сөздерден тұрса да, оның әрбір сөзінде тура, ауыспалы, қосымша мағынасы болады (омоним, синоним, метафора). Мысалы: ұлы Абай «... сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деп, «сөз» деген ұғымды жаңа сападағы поэзияға байланысты қолданады. «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» деп, жүректен шығатын әрбір ойды бейнелі де көркем, қысқа да нұсқа бір негізі - поэзияда екендігін нақты мысалдармен айқындап береді.

«Сөз» деп - жеке адамның ой-пікірін де, сонымен қатар идеясын да айтады.

Сөзге байланысты мынадай да тіркестер бар: «отты сөз», «жылы сөз», «жүйелі сөз», «орынсыз сөз», «жаман сөз», т.б. Бұлардың қайсысы болсын, сөйлеуші адамның ішкі жан дүниесінің қандай мақсатпен қозғалысқа түсетіндігінен хабар береді десек, артық айтқандық емес.

Сөзді өз орнымен қолдану - білімділіктің белгісі. Солай болса тұрса да сараң сөйлейтін, өз ойын еркін жеткізе алмайтын, былапыттап сөйлейтіндер үлкендердің де, жастардың да арасында кездесіп қалады. Сөздерді жазылуынша айту, әсіресе, жастардың тілінде үйреншікті машыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Мұны тіліміздің табиғи дамуының нәтижесі деп қарауға болмайды. Бұл - күнделікті өмір сүріп жүрген ортаның тілге мән бермеуінен және мектептегі оқытуда жіберіліп жатқан кемшіліктер.

Тіл мәдениеті негізінен сөзді орынды қолдану деген ұғымды білдіреді

Сөз адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, байыптылығын, ақыл-парасатын көрсетеді. Сондықтан да сөйлеу мәдениетіне қай уақытта болса да ерекше мән берген, қай халық болса да қатты бағалаған. Сөйлеу мәдениеті сөйлеуші адамның ішкі жан дүниесінің тазалығына да, сөз өнеріне де қатысты. Сөзге шешен адам мәдениетті әрі шебер сөйлейді. Мәдениетті, ой-өрісі жоғары, өмірге сенімді, адал адамдардың сөйлеу тілі де жоғары болуға тиісті. Себебі, тіл - адамның ішкі жан дүниесінің айнасы.



Ауызекі сөйлеу тілінің өзіне тән стильдік ерекшеліктері бар:
:

1.Сөйлеу тілі қарапайым қарым-қатынас жасау кезінде айтылады (бірі бірін жақсы тинитын, жақын адамдардың арасында);
2.Көбіне – көп алдын-ала дайындықсыз өтеді;

сөздердің, сөйлемдердің қалыптасқан қалпы өзгеріске түседі

қаратпа, одағай, қыстырма сөздер жиі қолданылады; дауыс ырғағы, интонация, бет-әлпет, қол қимылдары қосымша қызмет атқарады.

Ауызша сөйлеу дәстүрін жандандырып, шешендікке үйрету - тіл мәдениетінің ең басты міндеті.

Сондықтан ауызекі тілде сөздерді орынды қолданумен қатар, дұрыс жазу талабына, жазу мәдениетіне де көңіл бөлінеді. Яғни, орфографиялық нормадан ауытқуға, оны өз бетімізше өзгертіп жазуға болмайды.

Өйткені, емле ережелері заңды түрде бекітіледі, жалпыға ортақ емле ережелерін сақтау, оны грамматикада қолдана білу - бәріміздің міндетіміз.

Әсерлі сөйлеу, ойлау, тыңдау мәдениетімен бірге, жазу мәдениетін меңгеру - негізгі шарттың бірі. Ол үшін: стильдік элементтерден ажыратып қолдану керектігі, сөздердің, сөйлем мүшелерінің орналасу заңдылығын сақтау, орфографиялық, синтаксистік норманы білу, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтап, үндестік заңы бойынша жазу, т.б. заңдылықтарды тиянақты меңгеруді талап етеді.

ALLDAY.RU

ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ САУАТТЫЛЫҚ, ӘДЕТТЕ ЕМЛЕ (ОРФОГРАФИЯ) ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІНІҢ (ПУНКТУАЦИЯ) ДҰРЫС ҚОЛДАНЫЛУЫНА ҚАРАП БЕЛГІЛЕНЕДІ

Ауызекі тілдегі берілген ойды қағазға түсіру үшін әрбір тыныс белгілерін өз орнына қоя білу керек.
Тыныс белгілерін белгілі бір ережеге сүйеніп қоймаса, сауаттылық саналы меңгерілмейді.
Тыныс белгілері негізінен сөйлемнің құрылысына негізделіп қойылады.
Мысалы: үтірдің бірыңғай мүшелерді бөліп көрсетуі. *«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ - бес дұшпанды білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой - бес асыл іс көнсеңіз». (Абай)*
Сызықшаның бастауышты басқа мүшелерден айыра білу үшін қойылуы: Әр адамның бағасына бір ғана өлшеуіш бар: ол - өнімді адал еңбек. (С. М.)
Мен - көмір де, сен - темір, ерітуге келгенмін. (Қазыбек)
Сөзді дұрыс қолдану мен жазу мәдениеті әрқашан да бір-бірімен тығыз байланысты, яғни, бір нәрсенің екі жағы сияқты оны бір-бірінен бөліп алып қарауға болмайды.

Сондықтан да ішкі ой дүниемізге байланысты қандай сөзді қолдансақ та оны сауатты жаза білуіміз керек. Ол үшін мынадай принциптерді білудің маңызы өте зор:

1.Грамматикалық принцип - тыныс белгілерді грамматикалық ережелерге сүйеніп қою.

2.Мағыналық принцип - сөйлемнің тыныс белгілерін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың мағынасына негіздей қою.

3.Интонациялық принцип - сөйлемнің тыныс белгілерін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың сазына, нақышына келтіріп айтылуына және естілуіне қарай қою.



Бұл принцип, біріншіден, тыныс белгілерін дұрыс қою арқылы ой-өрісті кеңейтеді Екіншіден, тілдің ішкі заңдылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік жасайды, үшіншіден, әдеби тілдік нормаға сай сөйлей білуге баулиды.

Қысқасы, тілдегі сөздердің қыр-сыры көп. Оларды бір-бірімен тіркестіріп, тілдің көркемдегіш құралдарының сан алуан тәсілдерін қолдансаң, неше түрлі мағынаға ие болып, сан қилы өң береді. Сондықтан ойды дұрыс құрып, сөз мағынасын жете түсіну керек. Сөз саралай білу, сөзді жазу мәдениетінде дұрыс қолдану да сауаттылықтың белгісі.

Жазу - белгілі бір ойды, бүгінгі тарихты ертеңгі ұрпаққа жеткізу құралы. Жазу - аса пәрменді мәдени мұра. Яғни, сөз қолдана білудің де, жазба тілдің де маңызы ерекше.

Қазақ тілінің сөздік қоры өте бай. Оның құрамындағы сөздер сан алуан мағынада жұмсалады. Ал, кейбір сөздердің тура, ауыс мағынасы қайсы немесе қанша мағынаны білдіретінін сөйлем ішінде қолданған кезде ғана біле аламыз.

Не сөйлейтініңді біл,
Кімге сөйлейтініңді біл,
Қай жерде сөйлейтініңді біл,
Қай кезде сөйлейтініңді біл,
Қалай сөйлейтініңді біл...

Бөлтірік шешен



Назарларыңызға рахмет !